



Қазақстан Республикасында мемлекеттік басқаруды дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 26 ақпандағы № 522 Жарлығы.

Мемлекеттік аппараттың тиімділігін арттыру мақсатында **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасында мемлекеттік басқаруды дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасы бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі осы Жарлықтан туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.

3. Осы Жарлықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне жүктелсін.

4. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Қ.Тоқаев

Қазақстан Республикасы
Президентінің
2021 жылғы 26 ақпандағы
№ 522 Жарлығымен
БЕКІТІЛГЕН

Қазақстан Республикасында мемлекеттік басқаруды дамытудың 2030 жылға дейінгі ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ: "Ең алдымен адамдар" - "адамға бағдарланған" моделін қалыптастыру

МАЗМҰНЫ

1-бөлім. Кіріспе

2-бөлім. Ағымдағы жағдайды талдау

3-бөлім. Халықаралық тәжірибені шолу

4-бөлім. Мемлекеттік басқарудың негізгі қағидаттары

5-бөлім. Адамдарға бағдарланған мемлекеттік басқарудың жаңа моделін қалыптастыру

6-бөлім. Тұжырымдаманы іске асыру

1-бөлім. Кіріспе

Ескерту. 1-бөлімге өзгеріс енгізілді – ҚР Президентінің 02.02.2022 № 802 Жарлығымен.

Бүгінгі таңда бүкіл әлем турбуленттілік, өсіп келе жатқан құбылмалылық, әлеуметтік, экономикалық және саяси дамудың белгісіздігі дәуіріне аяқ басты.

Елдердің ауқымды сын-қатерлерді еңсеру барысында мемлекетке деген қоғамдық сенім, оның өзгерістерге дайындығы мәселесі ерекше маңызға ие болуда. Неғұрлым тиімді мемлекеттік басқаруға, азаматтардың басқарушылық шешімдер қабылдауға қатысуына деген сұраныс тұрақты түрде қалыптасуда.

Сонымен қатар, мемлекет пен халықтың өзара іс-қимылының әкімшілік- бақылау нысанына негізделген мемлекеттік басқарудың қолданыстағы моделі халықтың үмітіне толық жауап бермейді.

Соның нәтижесінде азаматтар мен олардың игілігі басты құндылық болып табылатын мемлекеттік басқарудың сервистік және "адамға бағдарланған" моделін қалыптастыру қажеттігі пісіп-жетілді.

Осы Қазақстан Республикасында мемлекеттік басқаруды дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасы (бұдан әрі - Тұжырымдама) мемлекеттік секторды трансформациялаудың мағыналық бағытын көрсетеді және мемлекеттік басқаруды жаңғыртудың негізгі қағидаттарын, міндеттері мен тәсілдерін айқындайды.

Тұжырымдама азаматтардың мемлекетпен өзара іс-қимылын жақсартуды, стратегиялық жоспарлаудың тиімділігін, мемлекеттік қызметтің кадр құрамының сапасын, квазимемлекеттік сектордың тиімділігін арттыруды, мемлекеттік аппаратты оңтайландыруды және мемлекеттік қызметтер көрсетудің проактивті форматына көшуді, жергілікті өзін-өзі басқаруды дамытуды, реттеушілік және сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты жетілдіруді, сондай-ақ сот және құқық қорғау жүйелерін трансформациялауды көздейді.

Сонымен бірге Тұжырымдама міндеттерді мемлекеттік басқарудың жаңа моделінің негізгі қағидаттарының призмасы арқылы айқындайды.

Құжатта белгіленген нысаналы даму параметрлері мемлекеттік басқару реформасының кейінгі қадамдарын іске асыруға негіз болуға тиіс. Мемлекеттік басқаруды дамыту тұжырымдамасының ережелері құқықтық саясат, жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту және сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат тұжырымдамаларымен тығыз байланысты.

Осы құжаттардың жиынтығын мемлекеттік басқару сапасын арттыруға бағытталған шаралардың біртұтас жүйесі ретінде қараған жөн.

2-бөлім. Ағымдағы жағдайды талдау

Егемен Қазақстанның дамуы әрбір кезеңде мемлекеттік басқарудың тиісті моделін талап етті. Бір модельден екінші модельге көшу экономикалық және әлеуметтік өзгерістердің логикасына сәйкес келді. Елдің мемлекеттік басқару жүйесін дамытуда төрт кезеңді бөліп көрсетуге болады:

Бірінші кезең (1991-1997 жж.). Мемлекеттік басқаруды институттандыру: мемлекеттік басқарудың базалық моделін енгізу, мемлекеттік тәуелсіздік негіздерін құру және мемлекеттік-басқару жүйесінің құрылымдық реформасын бастау.

Екінші кезең (1997-2007 жж.). Әлеуметтік мемлекет: "алдымен экономика, содан соң саясат", "жалпыға ортақ әл-ауқат мемлекеті" немесе "жалпыға ортақ игіліктер мемлекеті" қағидаттарын енгізу. Мемлекет азаматтардың экономикалық және әлеуметтік игілігін қорғау мен дамытуда шешуші рөл атқарады.

Осы кезеңде "Қазақстан-2030" стратегиясы және 2010 жылға дейінгі стратегиялық жоспар қабылданды, Қазақстан халқының Ассамблеясы құрылды, партиялық жүйе енгізілді.

Мемлекеттік басқару жүйесі директивалық модельден индикативтік модельге көшірілді, мемлекеттік қызметтің ұлттық моделі қалыптастырылды және мемлекеттік органдар нығайтылды, мемлекеттік функцияларды орталықсыздандыру басталды, даму институттары құрылды.

Үшінші кезең (2007-2017 жж.). Қазақстанның әлемнің дамыған 30 мемлекетінің қатарына кіруіне бағытталған "Қазақстан-2050" стратегиясы және 2020 жылға дейінгі стратегиялық даму жоспары қабылданды. Индустриялық-инновациялық даму, елді кешенді цифрландыру және жаңа инфрақұрылым (көлік, тұрғын үй, энергетикалық, әлеуметтік және т.б.) салу бағдарламаларын іске асыру жандандырылды. Мемлекеттік активтерді басқару бойынша ұлттық холдингтер қалыптастырылды.

2011 жылы Мемлекеттік қызметтің жаңа моделінің тұжырымдамасы қабылданды. Мемлекеттік органдардың бесжылдық стратегиялық жоспарлары, мемлекеттік органдар қызметінің тиімділігін жыл сайынғы бағалау жүйесі, мемлекеттік аудит жүйесі, "А" корпусының кәсіби басқарушылары мен жауапты хатшылар институты енгізілді.

Төртінші кезең (2017-2020 жж.). 2015 жылы елдегі мемлекеттік басқарудың жаңа архитектурасын айқындаушы бес институционалдық реформа жария етілді. Мемлекеттік бағдарламалар саны қысқартылды, "Ашық үкімет" бастамаларын енгізу және ықшам, кәсіби мемлекеттік аппаратты қалыптастыру басталды.

Осы кезең шеңберінде мемлекеттік қызметтің мансаптық моделіне көшу басталды. Мемлекеттік басқаруды орталықсыздандыру, яғни функциялардың бір бөлігін төмен тұрған деңгейлерге, сондай-ақ бәсекелес ортаға беру жұмыс жалғастырылды. 2017 жылы билік тармақтары арасында өкілеттіктерді қайта бөлу бойынша конституциялық реформа жүзеге асырылды, Парламенттің рөлі және оның Үкіметті бақылауы күшейтілді.

Қазіргі таңда мемлекеттік басқару жүйесі реформасының кезекті бесінші кезеңінің уақыты келді, ол мынадай проблемалы аймақтарды:

азаматтар мен мемлекет арасында тиісті өзара іс-қимылдың болмауын; стратегиялық жоспарлау мен реформаларды жүргізу тәсілдері тиімділігінің жеткіліксіз болуын;

мемлекеттік аппараттың халық пен бизнестің қажеттіліктеріне бағдарланбаған функцияларын;

мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің әкімшілік сипатын;
бәсекеге қабілетсіз мемлекеттік қызметті;
тиімсіз квазимемлекеттік секторды;
дамымаған жергілікті өзін-өзі басқаруды;
бизнестің дамуына кедергі келтіретін шамадан тыс реттеуді;

сот және құқық қорғау жүйелеріне азаматтардың сенім деңгейінің төмендігін шешуге баса назар аударып отырып, неғұрлым терең өзгерістер кезеңі болуға тиіс.

2.1. Азаматтар мен мемлекет арасында тиісті өзара іс-қимылдың болмауы

Ағымдағы әлеуметтік процестер мен жаңа, оның ішінде пандемияның салдарынан болған экономикалық сын-қатерлер жағдайында азаматтық қоғамның белсенді қатысуына негізделген шешімдер қабылдау моделін қалыптастыру қажеттігі мемлекеттік басқару жүйесі үшін маңызды міндет болып табылады.

Сындарлы қоғамдық диалог құру бойынша бірқатар шаралар: халық алдында есеп беру кездесулерін өткізу, азаматтарды жеке қабылдау, қоғамдық кеңестерді құру, ресми интернет-ресурстарда және әлеуметтік желілердегі аккаунттарда ақпаратты тұрақты түрде орналастырып отыру шаралары және басқа да шаралар қабылданды.

Алайда оларда жүйеліліктің болмауы мемлекеттік басқарудың сапасын арттыру мақсатында қоғамдық тарту және қоғамдық бақылау құралдарын толық көлемде пайдалануға мүмкіндік бермей, халықтың мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл процесін реттеудің фрагментті сипатына алып келді.

Мемлекеттік органдар ресми ақпаратты ашық қолжетімділікке өз бастамасымен орналастыруға мүдделі емес. Ресми құжаттарға қолжетімділік пассивті немесе сұрау салу бойынша формалды түрде беріледі, бұл халықтың мемлекеттік аппараттың қызметіне қатысты хабардар болу деңгейіне әсер етеді.

Азаматтардан түсіп жатқан сұрақтарға, ақпарат сұратуларға, ұсыныстарға, шағымдарға талдаудың және халықпен кері байланыс арналарының жұмысына тиісті бақылаудың жасалмауы көбінесе қоғамның қажеттіліктері мен мүдделеріне формалды қарауға әкеп соқтырады.

Жалпы алғанда, мемлекеттік органдардың ашықтық дәрежесіне жыл сайын жүргізілетін бағалау нәтижелері мемлекет пен қоғамның өзара іс-қимылы мәселелерінде сапалық өзгерістер қажет екенін куәландырады.

2.2. Стратегиялық және бюджеттік жоспарлау, сондай-ақ реформаларды жүргізу тәсілдері тиімділігінің жеткіліксіз болуы

Бүгінгі күні бытыраңқы болуына байланысты стратегиялық және бюджеттік жоспарлау процестері елдің ұзақ мерзімді орнықты даму міндеттеріне қол жеткізуді толық көлемде қамтамасыз етуге мүмкіндік бермей отыр.

Алдын ала қол жеткізуге болатын және "басқарылатын" ведомстволық көрсеткіштерді қосу орын алуда, өйткені оларды жоспарлау қол жеткізілген нәтижелерге механикалық үстемелеуге негізделеді. Қол жеткізілген нәтижелер

әрдайым жалпы елдік көрсеткіштерді орындауға байланысты бола бермейді, бірақ бұл ретте басым тәртіппен қаржыландырылуы мүмкін.

Жоғарғы деңгей индикаторларының төменгі деңгейдегі құжаттарда - орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдардың, ұлттық компаниялардың даму жоспарларында баяндалған нәтижелер көрсеткіштерімен өзара байланысы күшейтілуге тиіс.

Жаңа болмыс жүйелі реформалар жүргізу тәсілдерін қайта қарауды талап етеді. Күн тәртібін қалыптастырудың, реформалардың мазмұнын, тізбектілігін және жүргізілу кезеңдерін айқындаудың қалыптасқан тетігі төрешілденген, халықтың мұқтажын әрдайым ескере бермейді.

2.3. Мемлекеттік аппараттың халық пен бизнестің қажеттіліктеріне бағдарланбаған функциялары

Қазіргі таңда мемлекеттік аппараттың әртүрлі дереккөздер бойынша саны 7,5 мыңнан 15 мыңға дейін жететін функциялары бір мыңнан астам нормативтік құқықтық актіде айқындалған.

Бұл ретте мемлекеттік функцияларды "мемлекеттік органдардың функциялары" форматында әкімшілік түсіну пайдаланылады. Қазіргі әкімшілік тәсіл мемлекеттік функциялардың іске асырылуын ведомстволардың жекелеген бөлімшелерінің қызметіндегі жекелеген міндеттерге, процестерге және тіпті операцияларға дейін тарылтып жіберді.

Осылайша, ұғымдар ауысып кетеді: мемлекеттік органдар адамның қажеттіліктерін іске асыруға бағытталған мемлекеттік функцияларды емес, сол мемлекеттік органдардың қызметін "қолдауға" бағытталған әкімшілік функцияларды жүзеге асырады.

Сонымен қатар бір функция бірнеше мемлекеттік органның арасында бөлінуі ықтимал, бұл ведомствоаралық өзара іс-қимылдағы қиындықтарға және соның салдарынан түпкілікті нәтижеге қол жеткізе алмауға және мемлекеттік басқарудың түрлі деңгейлері арасында функционалдың қайталануына алып келеді.

Мемлекеттік органдардың функцияларын одан әрі ретке келтіру шеңберінде келесі кезеңге - ведомствоішілік мүдделерге емес, халық пен бизнестің қажеттіліктеріне, ведомствоаралық тиімді өзара іс-қимылды ескере отырып, қоғамдық игіліктерді құру мен әділ бөлуге бағдарланған функцияларды құру үшін мемлекеттік аппараттағы бизнес-процестерді өзгертуге көшу қажет.

2.4. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің әкімшілік сипаты

Әкімшілік реформаның өткен кезеңдерінің маңызды жетістіктерінің бірі мемлекеттік қызметтерді көрсету реформасы болды. "Бір терезе" қағидаты бойынша халыққа қызмет көрсету орталықтарының желісі құрылды. Азаматтар мемлекеттік органдар үшін көрсетілетін қызметті алушыларға айналды (жұмыстың әкімшілік сипатының орнына сервистік сипаты).

Бұл ретте осы реформа бизнес-процестерді толық автоматтандыруды талап ететін көрсетілетін қызметтердің көп санын (ведомствоаралық келісу, мемлекеттік органдардың қызметін үйлестіру процестері) сақтай отырып, процестердің бір бөлігін ғана қозғады.

Бұл қазіргі таңда көрсетілетін қызметті алушылардың өтініші бойынша немесе өтінішінсіз жеке тәртіппен жүзеге асырылатын жекелеген мемлекеттік функцияларды іске асыру нысандарының бірін мемлекеттік көрсетілетін қызметтер деп түсінуге байланысты. Соның салдарынан практикада мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің тізіліміне кіретін 698 көрсетілетін қызметтің 10 %-ы ғана іс жүзінде сұранысқа ие болып отыр.

Осыған байланысты мемлекеттік басқарудың сервистік моделіне көшу де мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді қалыптастыру тәсілдерін қайта ойластыруды болжайды.

Әртүрлі ақпараттық жүйелер мен дерекқорларды интеграциялау арқылы бір өтініш қағидаты бойынша композиттік қызметтерді көрсетуге негізделген проактивті мемлекет тәсілдерін енгізу дәйекті қадам болады.

2.5. Бәсекеге қабілетсіз мемлекеттік қызмет

Көптеген жылдар бойы елдің мемлекеттік қызметі дәйекті реформалаудан өтті және бүгінгі күні Қазақстанда орнықты мемлекеттік аппарат қалыптастырылды, мемлекеттік қызметтің "мансаптық моделі", меритократия қағидаттары енгізілді және мемлекеттік қызметшілердің дамуы қамтамасыз етілуде.

Сонымен қатар, қолданыстағы мемлекеттік қызмет жүйесінде әлі де болса бірқатар түйінді проблемалар байқалуда.

Бірқатар мемлекеттік қызметшілердің кәсіби құзыреттілігі әлі де болса жеткіліксіз екені байқалады, оны 2017 жылы өткізілген аттестаттау нәтижелері растап отыр.

Бұл ең алдымен кадрларды іріктеу мен бағалау жүйесінің төмен деңгейіне, персоналды басқару жөніндегі қызметтердің екінші дәрежелі және тек қана қосалқы рөліне, біліктілікті арттырудың сапалы жүйесінің болмауына, сондай-ақ мемлекеттік органдардың қызметкерлеріне ақы төлеу деңгейінің бәсекеге қабілетсіз екеніне байланысты.

Мемлекеттік органдардың салалық бөлімшелерінде бейінді мамандығы бар қызметкерлердің тапшылығы орын алып отыр, сондай-ақ мемлекеттік қызметте кадрлардың тұрақтамауы жоғары болуда.

Бұған қоса өңірлік деңгейде штат саны сәйкессіздігінің болуы, сондай-ақ басқарушы буындарда басшылар саны орындаушылар санынан асып кететін "төңкерілген пирамиданың" орын алуы реттеуді талап етеді.

Бүгінгі таңда орталық мемлекеттік орган аппаратында бір басқарушыға - 2,7 орындаушы, ал жергілікті атқарушы органдарда 2,2 орындаушы тура келеді, бұл түптеп

келгенде жүктемені бөлуге, еңбектің ұтымсыз ұйымдастырылуына әсер етеді және соның салдарынан кәсіби кадрлардың кетуіне ықпал етуі мүмкін.

Оның үстіне, мемлекеттік аппарат белгісіздік жағдайларында кросс-функционалдық міндеттерді шеше алатын адамдарға мұқтаж.

2.6. Тиімсіз квазимемлекеттік сектор

Бастапқыда квазимемлекеттік сектор субъектілерін құру мемлекеттің белгілі бір міндеттерін шешуге, оның ішінде стратегиялық маңызды және дамымаған нарықтарды дамытуға, квазимемлекеттік сектор субъектілерін бәсекелі нарықтан одан әрі шығара отырып, экономиканың шикізаттық емес секторларында технологиялық өндірістерді құруға бағытталған болатын.

Сонымен қатар қазіргі таңда мемлекеттің экономикаға елеулі қатысу үлесі және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің шамамен 6,5 мың ұйымды құрайтын үлкен саны сақталуда.

Квазимемлекеттік сектор тиімділігінің төмендігі, оның мемлекеттік бюджетке тәуелділігі, әлсіз корпоративтік басқару, мемлекет қатысатын заңды тұлғалар қызметінің жалпы елдік мақсаттармен стратегиялық өзара байланысының жоқтығы байқалуда.

Квазимемлекеттік сектордың ақпараттық жабықтығы сақталуда. Ашық қолжетімділікте мемлекет қатысатын заңды тұлғалар компанияларының құрылымы, қаржылық қызметінің нәтижелері, төленетін дивидендтері және басқа да қызмет аспектілері туралы деректер жоқ.

Мемлекеттік меншіктің қолданыстағы сыныптамасы квазимемлекеттік сектор субъектілерін құрудың коммерциялық немесе коммерциялық емес мақсатын көрсетпейді, бұл осындай ұйымдардың ұйымдық-құқықтық нысандарын айқындауда жүйеліліктің болмауына әкеп соқтырады.

Осыған байланысты бұл бағытты одан әрі реформалауды жалғастыру қажет, бұл ұйымдар қызметінің ерекшелігіне қарай бөле отырып, тиімді, ықшам және ашық квазимемлекеттік секторды қалыптастыруға жағдай жасауға мүмкіндік береді.

2.7. Дамымаған жергілікті өзін-өзі басқару

Тәуелсіздік жылдарында Қазақстанда жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту процесінде белгілі бір қадамдар жасалды. Аудандық маңызы бар қалаларда, ауылдарды, кенттерде, ауылдық округтерде жергілікті өзін-өзі басқару органдары қалыптастырылды, жергілікті қоғамдастықтардың жиналыстары мен жиындарын қалыптастыру, өткізу тәртібі, сондай-ақ олардың өкілеттіктері айқындалды.

Мысалы, саяси жүйені демократияландыру шеңберінде 2013 жылы аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің әкімдерін жанама сайлау енгізілді.

2018-2019 жылдары олардың барынша дербестігін қамтамасыз ету мақсатында жергілікті өзін-өзі басқарудың дербес бюджетін (4-деңгейдегі бюджеттер) және

коммуналдық меншігін енгізу бойынша маңызды реформа басталды. 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап реформаға барлық 2353 әкімшілік бірлік (аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер) тартылды.

Алайда заңнамалық негіздің бар екендігіне қарамастан, жергілікті халықтың қатысуы төмен күйде қалып отыр. Жағдайды жергілікті жерлерде нақты қаржылық өкілеттіктердің болмауы тереңдете түсуде және соған сәйкес қабылданатын шешімдер жергілікті қоғамдастықтардың әлеуметтік-экономикалық дамуына әрдайым нақты әсер ете бермейді.

Ауыл, кент, ауылдық округ және аудандық маңызы бар қалалар әкімдерінің жоғары тұрған әкімге қаржылық және әкімшілік жағынан тәуелділігі де бар, мұнда жергілікті қоғамдастық мәселелерінен гөрі аудан әкімінің тапсырмаларына басымдық беріледі.

2.8. Бизнесің дамуына кедергі келтіретін шамадан тыс реттеу

Жыл сайын кәсіпкерлік мәселелерін реттейтін құқықтық актілердің елеулі саны қабылданады. Бұл бизнеске бақылаушы және қадағалаушы органдар тарапынан әкімшілік қысым жасалуын туындатады. Бұл ретте практикада реттеудегі "іліктер", сондай-ақ көптеген сілтеме нормалар сақталуда, бұл сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың жасалуына жағдай жасайды.

Сонымен бірге шетелдік тәжірибені осы нормалардың қолданылуын тиісті түрде талдамай, "көзсіз" көшіріп алу, реттеуші нормаларды құқық қолдану практикасын зерделемей және байқап көрмей қабылдау жиі орын алуда.

Сарапшылардың пікірінше, реттеушілік саясатты қалыптастырудың мұндай тәсілі оның тұрақсыздығына, оның ішінде жүйе құраушы заңнамалық актілердегі тұрақсыздығына алып келеді.

2.9. Сот және құқық қорғау жүйелеріне азаматтардың сенім деңгейінің төмендігі

Қоғам сот билігінің толық, объективті және болжамды қызметіне мүдделі. Азаматтардың соттарға деген сенімін нығайту және тәуелсіз әрі әділ сот жүйесін одан әрі дамыту басым мақсаттар болып қала береді.

Судьялар корпусын кәсіби даярлау, сот билігінің толыққанды тәуелсіздігі, сот әкімшілігі және цифрлық шешімдерді пайдалану мәселелері өзінің өзектілігі мен маңыздылығын сақтап отыр.

Оның үстіне сыбайлас жемқорлықты барынша азайтуға, құқық қорғау органдарының құрылымын оңтайландыруға және оларға тән емес функцияларды алып тастауға бағытталған құқық қорғау органдарын реформалау қажеттігі пісіп- жетілді.

Құқық қорғау органдарының жұмыс тиімділігінің шешуші өлшемшарттарының бірі халықтың сенім дәрежесі болуға тиіс. Осы көрсеткішке қол жеткізу үшін басты назарды салдарлармен күрестен олардың алдын алуға аудара отырып, қызметті сервистік модельге трансформациялауды жалғастыру қажет.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылды күшейту шеңберінде маңызды заңнамалық шаралар қабылданды: бағыныстылар арасындағы сыбайлас жемқорлық

көріністері үшін басшылардың жауапкершілігі белгіленді, нормативтік құқықтық актілер жобаларының сыбайлас жемқорлыққа қарсы сараптамасы қалпына келтірілді, сыбайлас жемқорлық фактілері туралы хабарлағаны үшін азаматтарды көтермелеудің сараланған жүйесі енгізілді. Соның нәтижесінде, 2020 жылдың қорытындысы бойынша Қазақстан Transparency International рейтингінде Сыбайлас жемқорлықты қабылдау индексі бойынша 94-орынды иеленді.

Алайда, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл ахуалының белгілі бір түрде жақсарғанына қарамастан, ол мемлекеттік басқаруды дамытуды тежеуші факторлардың бірі болып қала береді.

3-бөлім. Халықаралық тәжірибені шолу

Ең алдымен халықтың жоғары өмір сүру сапасын қамтамасыз етуге бағдарланған мемлекеттік басқарудың сапалық тұрғыдан жаңа моделін құру үшін Сингапур, АҚШ, Ұлыбритания, Канада, Франция, Финляндия, БАӘ және басқа да елдердің халықаралық тәжірибесі мен үздік әлемдік практикалары зерделенді.

Алдыңғы қатарлы елдердің тәжірибесін талдаудың негізгі нәтижелері:

1) мемлекеттік басқарудың тиімді жүйесі халықтың жоғары өмір сүру сапасын қамтамасыз ету призмасы арқылы қаралады;

2) персоналды операциялық басқарудан стратегиялық басқаруға көшу мемлекеттік аппаратты кәсібилендіруге ықпал етеді;

3) мемлекеттік қызметшілер санатына жатпайтын келісімшарттық қызметшілер институтын енгізу, аутсорсинг және орталықтандыру арқылы адам санын оңтайландыру жолымен ықшам мемлекеттік аппаратты қалыптастыру;

4) ұзақ мерзімді мемлекеттік жоспарлау мемлекеттердің үдемелі дамуының негізгі элементтерінің бірі болып табылады;

5) көбінесе үлкен деректерді модельдеуді және талдау құралдарын пайдалана отырып, болжамды сценарийлерді зерделеуге бағытталған болжамды даму құралдарын кеңінен қолдану;

6) оң экономикалық әсерге реттеушілік саясат құралдарын қолдану арқылы, бірінші кезекте, әкімшілік кедергілерді қысқарту есебінен қол жеткізіледі;

7) квазимемлекеттік сектор субъектілері өзін-өзі ақтау және пайда әкелу қағидаттарында жұмыс істейді.

4-бөлім. Мемлекеттік басқарудың негізгі қағидаттары

Мемлекеттік басқарудың жаңа моделі "халық үніне құлақ асатын", тиімді, есеп беретін, кәсіби және прагматикалық мемлекет қағидаттарына негізделетін болады.

Қағидаттар мемлекеттік басқару жүйесінің негізгі қырларын, маңызды сипаттамаларын көрсетеді және мемлекеттік саясатты қалыптастыру мен іске асыруда, сондай-ақ мемлекеттік шешімдерді қабылдауда бағдар ретінде қызмет етуге арналған.

4.1. "Халық үніне құлақ асатын мемлекет" қағидаты

Мемлекеттік саясат немесе реформа "Ең алдымен адамдар" басты қағидатына бағынуға тиіс. Мемлекеттік саясаттың, елдің бағдарламалық құжатының, ұлттық жобаның немесе реформаның тиімділігін өлшеу олардың халықтың әл-ауқаты мен өмір сүру сапасына тигізетін әсеріне негізделуге тиіс.

Мемлекет пен қоғам қатынасының "төрешіл" моделінен басқарудың проактивті, сервистік және азаматтардың сұраныстарына ден қойғыш нысанына көшу мемлекеттік органдар үшін негізгі мақсат болуға тиіс. Сол арқылы халық өз үніне құлақ астырып, өзі үшін маңызды шешімдерді таңдауға мүмкіндік алады, бұл, өз кезегінде, мемлекетке деген сенім деңгейін арттырады және "адамға бағдарланған" мемлекетті қалыптастырады.

Проактивтілік қағидаты қызметтерді озыңқы көрсетуге, шешімдерді қабылдаудың барлық деңгейінде барлық мүдделі тараптар үшін игіліктер мен тиімділіктер жасауға, сондай-ақ ұзақ мерзімді мақсаттарға қол жеткізу кезінде проблемалардың туындауын болғызбауға немесе олардан келетін залалды барынша азайтуға бағытталған.

Проактивті саясатты жүргізу тәуекелдерді басқару жүйелерімен тығыз интеграцияланған және қатерлердің орын алу ықтималдылығын төмендету үшін ресурстарды уақтылы болуді білдіреді.

Орнықты экономикалық өсудің, қоғам мен бизнесті дамытудың қажетті шарты заңның үстемдігін қамтамасыз ету болып табылады, мұнда мемлекет адамның іргелі құқықтарын сақтаудың кепілі болуға тиіс.

4.2. Тиімді мемлекет қағидаты

Мемлекеттік басқарудың тиімділігі кез келген мемлекеттің дамуы және азаматтардың өмір сүру сапасын арттыру үшін шешуші фактор болып табылады.

Қағидаттың негізінде мемлекеттің қолда бар ресурстарын барынша тиімді пайдалана отырып, алға қойылған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу жатыр.

Сонымен бір мезгілде мемлекеттік басқару жүйесі мемлекеттік басқару институттары қызметінің тиімділігі мен нәтижелілігін және мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің сапасын өлшеуге мүмкіндік беруге тиіс.

Тиімділікті бағалау мемлекеттік басқарудың өнімділігін арттыруды қамтамасыз ету үшін ұдайы түрде жүргізілуге тиіс.

4.3. Есеп беретін мемлекет қағидаты

Бұл қағидат: ақпараттық ашықтықты, қолжетімділікті, қоғамға есеп берушілікті қамтиды.

Ол азаматтардың мемлекеттік шешімдер қабылдауға қатысуына, сондай-ақ азаматтармен өзара іс-қимыл кезінде заманауи ақпараттық технологиялар мен жаңа коммуникация құралдарын кеңінен пайдалануға негізделеді.

Мемлекеттік басқару институттары үшін қоғамдық игілік жеке мүдделерден жоғары тұруға тиіс.

Азаматтардың үміттерін ескере отырып, сенімнің өсуі және барынша болжанатын саясат мемлекеттік басқару институттарының беріктігін нығайтуға ықпал етеді. Жоғары әдептілік стандарттарын сақтамай және сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік танытпай, мемлекеттік басқару институттарына деген сенімді нығайту мүмкін емес.

4.4. Кәсіби мемлекет қағидаты

Мемлекеттік аппаратта жоғары стандарттарға сәйкес келетін құзыреттер мен кадр әлеуетінің болуы мемлекеттік басқаруды сервистік бағдарланған модельге трансформациялаудың негізгі шарты болып табылады.

Бұл ретте өзгерістерге әзірлік барлық мемлекеттік органның күнделікті қызметінің аса маңызды қағидаты болуға тиіс. Бұл мемлекеттік аппарат қызметінің тиімділігі мен бәсекеге қабілеттілігін арттырудың тұрақты, жүйелі тетігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Мемлекеттік органдар проблемалардың жаңа және инновациялық шешімдерін іздестіруге, сондай-ақ қызмет көрсетудің заманауи әдістерін пайдалануға тиіс.

4.5. Прагматикалық мемлекет қағидаты

Мемлекеттік саясат пен реформаларды қалыптастыру және іске асыру, сондай-ақ шешімдер қабылдау кезінде мемлекеттік органдар өз қызметін ұзақ мерзімді перспективаға жоспарлайды және болашақ ұрпақтың қажеттіліктерін ескереді.

Барлық ілеспе тәуекелдерді назарға алу және экологиялық, құрылымдық, қаржылық, экономикалық немесе әлеуметтік бағыттағы мәселе болсын, оның сипатына қарамастан, ауыртпалықты болашақ ұрпаққа жүктемеу маңызды.

Осы қағидатқа сәйкес мемлекеттік шешімдер ғылыми зерттеу (объективтілік, қайталану, байқап көру) әдістеріне негізделген жеткілікті объективті дәлелдемелік база болған кезде ғана қабылданады. Мемлекеттік саясаттың сабақтастығын, әсіресе іске асырылу нәтижелері ұзақ мерзімді перспективада қол жеткізілетін салаларда қамтамасыз ету қажет.

Қаржы ресурстарын басқару ұтымдылық пен прагматизмнің тиісті деңгейін сақтап, сондай-ақ барлық тәуекелдерді ескере отырып жүзеге асырылуға тиіс. Бюджеттік жоспарлар азаматтардың қатысуымен және олардың қажеттіліктерін ескере отырып қалыптастырылуға тиіс.

Мемлекеттің үдемелі және орнықты дамуына мемлекеттік басқару жүйесін жаппай цифрландыру арқылы да қол жеткізілетін болады.

5-бөлім. Адамдарға бағдарланған мемлекеттік басқарудың жаңа моделін қалыптастыру

Тұжырымдаманың мемлекеттік басқарудың сервистік және "адамға бағдарланған" моделін құруды көздейтін мақсаттарына қол жеткізу үшін:

- клиентке бағдарланған және ашық мемлекеттік аппаратты қалыптастыру;
- стратегиялық және бюджеттік жоспарлау, сондай-ақ реформалар жүргізу тәсілдерін жетілдіру;
- оңтайлы және тиімді мемлекеттік аппаратты қалыптастыру;

азаматтардың қажеттіліктері негізінде проактивті мемлекеттік көрсетілетін қызметтерге көшу;

адами ресурстар сапасын жақсарту және мемлекеттік аппаратты кәсібилендіру;
тиімді, оңтайлы және транспарентті квазимемлекеттік секторды қалыптастыру;
жергілікті өзін-өзі басқаруды одан әрі жетілдіру;
бизнестің дамуына қолайлы жағдайлар жасау;

мемлекеттің сервистік моделін құру үшін сот жүйесі мен әкімшілендіруді, сондай-ақ құқық қорғау жүйесін трансформациялау міндеттерін іске асыру қажет.

1-міндет. Клиентке бағдарланған және ашық мемлекеттік аппаратты қалыптастыру.

Мемлекеттік басқарудың жаңа моделі - тиімді, әділ, ашық, қоғамның сұраныстарына жедел ден қоятын, "халық үніне құлақ асатын мемлекет" қағидаты бойынша жұмыс істейтін мемлекеттік аппарат.

Бұл үшін "белсенді тыңдау" құралдарын кеңейту, қолданыстағы құралдарды жетілдіру және жаңа құралдарды енгізу арқылы халықпен өзара іс-қимылдың дәстүрлі арналарын нығайту көзделеді.

Осы орайда мемлекеттік басқарудың жаңа моделі - "Ең алдымен адамдар" шеңберінде көрсетілген міндетке қол жеткізу үшін мынадай іс-қимылдарды жүзеге асыру болжанады:

1) халықпен тікелей және кері байланыс арналарының жұмысна жүйелі мониторинг пен талдау жасау.

Клиентке бағдарлануды, жеделдікті және өтініштердің қаралу сапасын бақылауды қамтамасыз ете отырып, мемлекеттік органдардың халықпен тікелей және кері байланыс арналары арқылы өзара іс-қимыл жасауын жүйелендірген жөн. Бұл азаматтардан келетін тікелей және кері байланыстың барлық арналары бойынша салыстырмалы талдау жүргізуге, проблемалы аймақтарды анықтауға және олар бойынша проактивті тәртіпте жұмыс істеуге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар мемлекеттік органдар халықпен өзара іс-қимыл жасау процестерін тұрақты түрде жеңілдетіп отырады. Мемлекеттік қызметшілерге халықпен өзара іс-қимыл жасаудың жаңа нысандарын үйрету, сондай-ақ тиісті әдіснамалық қолдау көрсету қажет.

Мемлекеттік органдарды, оның ішінде құқық қорғау блогын бағалау өлшемшарттарының жүйесі азаматтар мен бизнестің қанағаттануын бағалау нәтижелерін қамтиды.

2) БАҚ-тан, ҮЕҰ мен халықтан келіп түсетін сауалдарға жедел ден қою.

Халықтың болып жатқан оқиғаларды объективті бағалауы үшін мемлекеттік органдар БАҚ және әлеуметтік желілер арқылы, әсіресе дағдарыс жағдайлары мен төтенше жағдайларда азаматтар мен бизнестің мүдделерін қозғайтын ақпаратты жедел ұсынуға міндетті.

Мемлекеттік басқарудың барлық деңгейіне әлеуметтік тәуекелдерді мониторингтеу мен болжаудың кешенді жүйесін енгізу қажет.

БАҚ-пен және ҮЕҰ-мен өзара іс-қимыл халық арасындағы проблемалы мәселелерді алдын ала анықтауға және оларды жедел шешуге бағытталады.

Бұл ретте БАҚ-пен жұмыс мемлекеттік орган жұмысының тиімділігін бағалау элементтерінің бірі болуға тиіс, ол Интернет желісіндегі жұмыс сапасын, БАҚ-пен өзара іс-қимылды, сондай-ақ баспасөзбен байланысқа ашықтық пен дайындықты қамтиды.

Сонымен қатар ақпараттық технологияларды қолдана отырып, адамдардың кең тобының шығармашылық қабілеттерін, білімі мен тәжірибесін ерікті түрде пайдаланып, азаматтардың өзекті мәселелерін тиімді түрде шешуге бағытталған әлеуметтік маңызы бар жобалардың тізбесін қалыптастыруға мүмкіндік беретін краудсорсингтік платформаларды дамытқан жөн.

Бұл ашық институт, онда азаматтар, қоғамдық бірлестіктер мен ҮЕҰ елді мекендердің, өңірдің және елдің қандай да бір өзекті мәселелерін шешу үшін өздерінің бастамашыл жобаларын ұсына алады. Бұл жобаларды азаматтардың өздері бағалайтын және бақылайтын болады.

ҮЕҰ-мен өзара іс-қимыл желісі бойынша жұмыстың басқа бағыты үздік әлемдік практикаларды, оның ішінде "Ашық үкімет әріптестігі" (Open government partnership) халықаралық бастамасына қатысу мәселесін пысықтау арқылы имплементтеу болуға тиіс.

3) мемлекеттің азаматтармен өзара іс-қимылы бойынша "бір терезе" құру.

Халыққа қызмет көрсету орталықтарының базасында "бірыңғай кіру нүктесі" болатын азаматтардың өтініштерін қабылдайтын бірыңғай орталық құрған жөн, сол арқылы азаматтар мәселелерін ыңғайлы және жедел шешу үшін әртүрлі мемлекеттік органдарға өтініш беру мүмкіндігіне ие болады.

Мемлекеттік басқарудың барлық деңгейлері үшін қолжетімді және өтініш берушінің өз өтініштерінің қаралу барысын қадағалап отыруына мүмкіндік беретін азаматтар өтініштерінің бірыңғай базасын білдіретін "Е-өтініш" жүйесі іске қосылады. Жүйе мемлекеттік органдардың назарын жеке елді мекеннің, өңірдің ауқымында немесе елдік деңгейде азаматтарды толғандыратын өзекті проблемаларды анықтауға және шешуге аударуға мүмкіндік береді.

Жеке және заңды тұлғалармен кері байланыс орнату мақсатында халықтың өз өтініштеріне берілген жауаптардың сапасына қанағаттануын өлшеу ұсынылады.

Мемлекеттік органдардың әлеуметтік желілермен жұмысы бойынша стандарттар мен ұсынымдарды әзірлеу қажет, сонымен бір мезгілде азаматтық белсенділіктің негізгі назарын ресми арналарға - жүгінуге, қоғамдық тыңдауларға, қоғамдық бақылау іс-шараларына, ресми онлайн-петицияларға ауыстыру керек.

Қоғамдық бастамаларды қолдау және әртүрлі проблемалар мен жағдайларға қатысты ұжымдық көзқарасты білдіру мүмкіндіктерін жасау үшін "Е-петиция" жобасы іске қосылады. Бұл жоба азаматтардың реформалар мен ұсыныстарға бастамашы болуы үшін онлайн-петициялардың бірыңғай заңды институтын құрады.

4) ақпараттың ашықтығын және мемлекеттік органдар қызметінің проактивтілігін қамтамасыз ету.

Ақпаратқа кедергісіз қол жеткізуге қажетті жағдайлар жасау уәкілетті органның ғана емес, әрбір мемлекеттік қызметшінің басты міндеті болуға тиіс.

Мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінде қамтылған ашық деректерге Интернет желісінде қол жеткізуді арттырған жөн.

Мемлекеттік органдар қызметінің ашықтығы стандарттары енгізілетін болады.

Азаматтардың мемлекеттік аппарат жұмысын түсінуі үшін әрбір мемлекеттік органның нақты миссиясы мен көзқарасын тұжырымдауын қамтамасыз етуі қажет.

Ақпаратты БАҚ-та және әлеуметтік желілерде орналастыру кезінде баяндау тілі мен стилі қарапайым, қысқа және азаматтарға түсінікті болуға тиіс.

Азаматтардың басқарушылық шешімдерді әзірлеу мен іске асыруға толыққанды қатысуын, сондай-ақ үздіксіз хабар беру мен диалог жүйесін құруды қамтамасыз ету қажет.

Бұл үшін саяси шешімдер қабылдау және саясаттарды қалыптастыру процесі проблеманы сәйкестендіру, саясатты әзірлеу және тұжырымдау, оны іске асыру және бағалау кезеңдерін көздейтін болады. Осында сценарийлік жоспарлау, "жұмсақ итермелеу", тәуекелдерді басқару, саясатты ғылыми сүйемелдеу және орнықты даму мақсаттарына жетуге бағдарлау тетіктері қаланады.

Халықтың өзекті сұраныстарын талдау және анықтау, шешім нұсқаларын жасап шығару және сарапшылық қоғамдастықпен талқылау, мәселені шешу нұсқасын талқылау және таңдау, қажетті шараларды қабылдау және қабылданған шаралардың тиімділігін қоғамдық бағалау мүдделі тараптардың шешімдер қабылдау процесіне тартылуы мен қатысты болуын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді, сондай-ақ олардың сапасын, нәтижелілігі мен сабақтастығын арттырады.

Ықтимал проблемаларды анықтау және халықтың әлеуметтік көңіл-күй деңгейін өлшеу тұрақты жүргізілетін әлеуметтанушылық зерттеулер арқылы жүзеге асырылатын болады. Бұл талдау ықтимал осал тұстарды табуға және олар бұқаралық сипатқа ие болғанға дейін оларды шешудің тиісті бағдарламаларын жоспарлауға мүмкіндік береді.

Әкімшілік әділетті енгізу жеке адамдар мен мемлекет арасындағы жария құқықтық дауларды қарау кезінде азаматтардың құқықтарын қорғаудың жаңа деңгейін қамтамасыз етуге тиіс. Осы орайда сот органдарының рөлі түбегейлі түрде өзгереді, соттар арыз иесіне заңды мүдделері мен құқықтарын қорғаудың оңтайлы жолын табуға көмектесе отырып, белсенді ұстаным танытатын болады.

2-міндет. Стратегиялық және бюджеттік жоспарлау, сондай-ақ реформалар жүргізу тәсілдерін жетілдіру.

Бүгінгі таңда стратегиялық жоспарлау мен реформаларды жүргізудің жаңа тәсілдерін енгізу мәселелері бойынша айтарлықтай сапалық өзгерістерге қол жеткізілді. Бұл бағыттағы маңызды жетістік Реформалар жөніндегі жоғары кеңестің құрылуы болып табылады, оның негізгі міндеті әлеуметтік-экономикалық және институционалдық реформалардың тиімді іске асырылуын қамтамасыз ету деп айқындалды.

Бұған қоса елдің орта мерзімді стратегиялық міндеттерін айқындау мақсатында 2025 жылға дейінгі Ұлттық даму жоспары қабылданатын болады. "Деректерге негізделген үкімет" (Data-driven government) тұжырымдамасын іске асыру бойынша жұмыс жүргізілуде.

Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің жаңа тәсілдерінің негізіне сценарийлік жоспарлау жатқызылатын болады. Стратегиялық құжаттарды жасау, оның ішінде мақсаттар, міндеттер қою және индикаторларды айқындау ғылыми тәсілге, қоғам мен бизнестің ағымдағы және перспективалық сұраныстарын зерделеуге негізделетін болады.

Сонымен қатар мемлекеттік стратегиялық жоспарлау жүйесінің жаңа тәсілдері бюджеттік жоспарлаумен өзара байланысты болады. Бюджетаралық қатынастар қайта каралады.

Мақсаттардың, міндеттер мен индикаторлардың оңтайлы жиынтығы бар мемлекеттік жоспарлау құжаттарының ықшам және икемді архитектурасын анықтаған жөн. Мақсат ретінде нәтиженің процестен үстемдігі белгіленеді. Өзгерістердің жоғары жылдамдығын және белгісіздік дәрежесін ескере отырып, стратегиялық құжаттарды бекіту және оларға өзгерістер енгізу тәртібі төрешілдіктен арылатын болады.

Бұл ретте ұлттық жобаларды және мемлекеттік жоспарлау жүйесінің басқа құжаттарын іске асыру нәтижелері үшін жауапкершілікті дербестендіруді енгізу қажет.

Реформалардың басымдығы олардың еліміздің әрбір азаматының өміріне оң әсер ету призмасы арқылы айқындалатын болады.

Мемлекеттің жұмысы барлық мүдделі тараптарды тарта отырып, бастамаларды әзірлеуді көздейтін "төменнен-жоғарыға қарай" қағидаты негізінде құрылуға тиіс. Бағдарламалық құжаттарды қабылдау процестерінің транспаренттілігін және тәуелсіз сарапшылар мен жұртшылық өкілдерін тарту арқылы оларды одан әрі бағалауды қамтамасыз ету қажет.

3-міндет. Оңтайлы және тиімді мемлекеттік аппаратты қалыптастыру.

Мемлекеттік аппаратты одан әрі жетілдіру мемлекеттің рөлі мен функцияларын, ал онымен бірге бүкіл мемлекеттік аппараттың құрылымы мен көлемін қайта ойластыру

арқылы жүзеге асырылатын болады. Оны оңтайландыру кезінде ЭЫДҰ-ның халықаралық сыныптауышына сәйкес қоғамдық игіліктерді өндіру үшін мемлекеттің басты функционалдық топтары ескерілетін болады.

Бұл терең және жан-жақты функционалдық талдау жүргізуді тапап етеді, оның нәтижесі бойынша мемлекеттік аппараттың қайталанатын, тиімсіз және шамадан тыс бақылау-қадағалау функциялары анықталып, жойылады.

Мемлекеттік органдардың ретке келтірілген функциялары қоғамдық құндылықты құрудың толық басқарушылық циклі ретінде құрылатын болады, онда әрбір процесс халықтың қажеттілігі мен мұқтажын айқындаудан бастап мемлекеттік органның тиімділігін бағалауға және азаматтардың қанағаттануын өлшеуге дейінгі барлық базалық кезеңдерді қамтиды.

Нәтижесінде мемлекеттік аппарат жұмысының процестерін азаматтың мұқтажына қарай өзгерту түпкі өнім болуға тиіс.

Бұған қоса осы жұмыстың маңызды бағыты:

- 1) мемлекеттік басқару деңгейлері;
- 2) көлденеңінен орналасуы бойынша бір деңгейдегі мемлекеттік органдар;
- 3) мемлекеттік басқару және жергілікті өзін-өзі басқару органдары;
- 4) мемлекеттік саяси және әкімшілік қызметшілер;

5) алқалы органдар және мемлекеттік органдардың басшылары арасында өкілеттіктер мен жауапкершіліктің аражігін институционалдық тұрғыдан нақты ажырату болады.

Бұл ретте "өкілеттік", "құзырет" және "функция" ұғымдары да қайта қаралып, ретке келтірілетін болады.

Сонымен қатар мемлекеттік органдардың мемлекеттік саясатты іске асыруға тікелей қатысы жоқ қосалқы және көмекші бөлімшелерін орталықтандыру немесе аутсорсинг жолымен оңтайландырған жөн.

Мемлекеттік аппаратты жекелеген іске асыру функцияларынан босату үшін бәсекелес ортасы жоқ не функцияларды бәсекелес ортаға беруге болмайтын салаларда құрылуы мүмкін жария құқықтың заңды тұлғалары институтын енгізу баламалы нұсқа болып табылады.

Бұл тәсіл мемлекеттік аппараттың құрылымы мен көлемін оңтайландыруға, мемлекеттік сектордың неғұрлым жоғары басқарылуына қол жеткізуге, сондай-ақ орталық және жергілікті атқарушы органдарда штат санының диспропорциясы мәселесін шешуге мүмкіндік береді.

Осымен бір мезгілде бизнес-процестерді, оның ішінде тапсырмалардың берілуіне, оларды келісу кезеңдері мен каскадтарын қысқартуға, жауапкершілікті дербестендіруге бағытталған толық ауқымды өзгерту мемлекеттік аппарат қызметі реформасының маңызды бағыты болуға тиіс.

Мемлекеттік органдардың осы жұмысты сапалы орындауына ынталандырулар жасай отырып, мемлекеттік органдардың бизнес-процестерін артық регламенттеуден жүйелі сипаттауға, оңтайландыру мен автоматтандыруға көшуді қамтамасыз ету қажет. Бұл жұмыс бизнес-процестер менеджментінің ұлттық стандартын әзірлеуді және қабылдауды талап етеді.

Нормативтік құқықтық актілерді, кадрлық шешімдерді қабылдау, бюджетті жоспарлау және атқару процестері оңтайландырылады және автоматтандырылады.

Бизнес-процестерді жаппай цифрландыру ұлттық деңгейде ақпараттық жүйелер мен ведомстволық дерекқорлардың бірыңғай архитектурасын әзірлеуді талап етеді.

Мемлекеттік органдар қызметінің тиімділігін арттыру мақсатында жобалық тәсіл енгізіледі және жобалық менеджмент мәселелері регламенттеледі.

Бұл үшін мемлекеттік органдардың сызықтық-функционалдық құрылымынан матрицалық құрылымына көшу қамтамасыз етіледі.

Мемлекеттік жобалардың орындалу және бюджет қаражатының жұмсалу барысына мониторинг жүргізу үшін қаржылық-техникалық бақылаудың және комплаенс қызметтерінің институттары енгізіледі. Бұл үшін инфрақұрылымдық жобаларды іске асыру кезінде FIDIC стандарттарын енгізу мәселелері шешіледі, осы орайда жобаны мониторингтеу және басқару функциялары кәсіби жобалық менеджерлерге беріледі.

Шешімдер қабылдау вертикалын қайта қарау мемлекеттік басқару жүйесінің тиімділігін арттырудың келесі шарты болып табылады. Атқарушы буынның лауазымды адамдарына күнделікті шешімдерді қабылдау құқығы беріледі, бұл қоғамның сұраныстарына жедел ден қоюға мүмкіндік береді, оған қоса олардың сапасы үшін жауапкершілік деңгейін арттырады.

Сонымен қатар дербес жауапкершіліктің "бұлыңғырлығын" және артық торешілдікті жоя отырып, барлық деңгейдегі алқалы және консультативтік-кеңесші органдарға түгендеу және оңтайландыру жүргізу қажет.

Қашықтан жұмыс істеу форматы мен тиісті еңбек қатынастарын реттеген жөн.

4-міндет. Азаматтардың қажеттіліктері негізінде проактивті мемлекеттік қызметтерге көшу.

Мемлекеттік аппараттың функцияларын ретке келтіру бойынша жүргізіліп жатқан жұмысты ескере отырып, мемлекеттік органдар қызметінің барлық спектрін қамтуға тиіс "мемлекеттік көрсетілетін қызмет" ұғымы тұжырымдамалық тұрғыдан қайта қаралады.

Сол арқылы мемлекеттік аппараттың қызметі азаматтарға қызметтерді проактивті көрсетуге бағытталуы және халықтың мұқтаждарына қарай қайта қалыпталуы тиіс.

"Қоғамдық маңызы бар көрсетілетін қызмет" ұғымы енгізіледі, бұл әлеуметтік сала ұйымдарына қоғамдық мониторинг жүргізуге мүмкіндік береді.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді цифрлық форматқа ауыстыру жалғасады. Бұл ретте eGov ("смартфондағы мемлекет") мобильді қосымшасын дамытуға баса назар аударылады.

Көрсетілетін қызметтер эксаумақтылық (тұратын жерінен тәуелсіз), проактивтілік және композиттілік қағидаттарында ұсынылатын болады. Мемлекеттік дерекқорларда бар ақпаратты растау практикасын жойған жөн.

Азаматтар қандай да бір сұрау салусыз мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу қажеттігі немесе мүмкіндігі туралы автоматты түрде хабарлама алуға тиіс, ал белгілі бір жағдайларда мұндай қызмет проактивті түрде көрсетілуге тиіс.

Барлық мемлекеттік қызметтер барынша қысқа мерзімде көрсетілуге тиіс, ал композиттік көрсетілетін қызметтер алушыларға бір өтініш негізінде ұсынылуға тиіс.

5-міндет. Адами ресурстар сапасын жақсарту және мемлекеттік аппаратты кәсібилендіру.

Реформалардың табысты болуы және соның нәтижесінде халықтың игілігінің өсуі оларды іске асыратындарға және олардың орындалу барысын бақылайтындарға тікелей байланысты.

Қазіргі жағдайда мемлекеттік қызметшілерге тиімділік, бейімділік, нәтижеге бағдарлану және қоғамның сұраныстарына жедел ден қою бөлігінде қойылатын талаптар арттырылуда. Осы Тұжырымдаманы іске асыру да мемлекеттік қызметшілердің құзырет деңгейіне аса талапшылдық танытып отыр.

Мемлекеттік қызметтің және тұтас экономиканың бүкіл саласының кадрлық әлеуетін арттыру үшін азаматтардың әлеуетін ашу және өсіру жүйесін енгізу қажет, ол елдік деңгейде таланттарды анықтауға және дамытуға мүмкіндік береді.

Бұдан қоса таяудағы жылдар перспективасында мемлекеттік және квазимемлекеттік сектордың нақты салада маманданған білімдер мен құзыреттерге қажеттілігі өседі, оларды "мансаптық" модельдің элементтері басым болатын мемлекеттік қызметтің ағымдағы моделі шеңберінде өсіру қиын.

Сондықтан мемлекеттік қызметке қажетті құзыреті бар адамдарды тарту үшін меритократия қағидатын сақтай отырып, мемлекеттік қызметтің "позициялық" моделін енгізу де ұсынылады. Бұл үшін мемлекеттік қызметшілерге арналған біліктілік талаптарын қайта қарап, мемлекеттік қызметшілерді іріктеу мен бағалау жүйесін жақсарту қажет.

Персоналды басқарудың стратегиялық бағыты, инклюзивтілік, кешенділік, жүйелілік және икемділік қағидаттарында қалыптастырылған мемлекеттік органның кадрлық стратегиясы мен кадрлық жоспарлауын енгізу мемлекеттік қызметтің басқа маңызды құрамдас бөлігі болады. Сонымен бір мезгілде кадрлық іс жүргізу толық автоматтандырылады.

Іріктеу рәсімдерін одан әрі жетілдіру кезінде, оның ішінде жұртшылық пен сарапшыларды тарта отырып, кандидаттарды бағалаудың озық әдістерін енгізу есебінен кандидаттардың кәсіби және жеке бас құзыреттеріне баса назар аудару қажет.

Іріктеу рәсімінің ашықтығы пен объективтілігі оны цифрландыру арқылы, ал әңгімелесу кезеңі сұқбатты комиссияның тәуелсіз мүшелерінің қатысуымен онлайн-режимде ұйымдастыру арқылы қамтамасыз етіледі.

Жекелеген саяси лауазымдарға кандидаттардың құзыреттіліктерін бағалау үшін ассессмент-орталық әдісі енгізілетін болады.

Мемлекеттік басқару жүйесінің жаңа құндылықтары мемлекеттік қызметтегі персоналды басқару процестерін мемлекеттік қызметшілерді іріктеу кезеңінде ғана емес, олардың жұмысының тиімділігін бағалау кезінде де одан әрі жетілдіру үшін толассыз бағдарға айналуға тиіс. Бағалау жүйесі жаңа құндылық тұғырларына сай келетін қызметкерлерді анықтауға, ұстауға және көтермелеуге бағытталуы тиіс.

Осыған байланысты персоналды "360 градус" бағалау әдісін цифрлық режимде қолдану қамтамасыз етіледі, онда жұмыскерге этикалық бағаны оның басшылары да, қарамағындағылары да, басқа да мүдделі тараптар да анонимді түрде береді.

Мемлекеттік аппарат штатын оңтайландырғаннан кейін келісімшарттық қызметшілер институты енгізу қажет, бұл мемлекеттік бастамалар мен салалық жобаларды іске асыру кезеңіне арнаулы білімі бар кәсіби мамандарды тартуға мүмкіндік береді.

Мемлекеттік аппаратта жұмыс істеудің тартымдылығы әлеуметтік пакетті қайта қарау есебінен де артады.

Мемлекеттік органдардың қажеттіліктеріне өзара тығыз байланыста білімін, дағдылары мен икемділігін үздіксіз арттыру мемлекеттік қызметшілер үшін негізгі қағидат болуға тиіс.

Мемлекеттік қызметтегі корпоративтік және ұйымдастырушылық мәдениетті жақсарту қажет. Бұл үшін трансформациялық көшбасшылар институтын дамыту, мемлекеттік қызметшілердің квазимемлекеттік, жекеше және халықаралық ұйымдарда тағылымдамадан өту практикасын тарату, сондай-ақ бөлімшенің, мемлекеттік органның, саланың қызметін жетілдіру бойынша бастамалар мен жаңашыл ұсыныстарды көтермелеу тетіктері енгізу керек.

6-міндет. Тиімді, оңтайлы және транспарентті квазимемлекеттік секторды қалыптастыру.

Мемлекеттік басқаруды жаңғыртудың маңызды бөлігі квазимемлекеттік секторды реформалау болады. Бұл елдің стратегиялық міндеттерін іске асырудағы квазимемлекеттік сектордың ролін қайта ойластыруды талап етеді.

Мемлекеттің экономикаға қатысуын, оның ішінде жекешелендіру тетіктерін жетілдіру, сондай-ақ мемлекет қатысатын ұйымдар үшін рұқсат етілген қызмет

түрлерінің тізбесін оңтайландыру тәсілдерін қайта қарау арқылы қысқарту бойынша жұмысты жалғастырған жөн.

Осы жұмыс бағыттарының бірі квазимемлекеттік сектор субъектілерінің нарықпен бәсекелестігі тұрғысынан ұдайы талдау жасау болуға тиіс. Егер кәсіпорын жекеше сектор ұйымдары жұмыс істейтін салада жұмыс істесе, онда бәсекелестікті болдырмау үшін оны жою не жекешелендіру мәселесі қойылуға тиіс.

Квазимемлекеттік сектор субъектілерін сыныптау жүйесін ұйымды құру және міндеттерді іске асыру мақсаттары - коммерциялық немесе коммерциялық емес мақсаттар негізінде оңтайландыру, сондай-ақ бәсекеге қабілеттілікті, ашықтықты және нарыққа бағдарлануды арттыруға ден қоя отырып, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің ұйымдық-құқықтық нысандарын қайта қарау талап етіледі. Сонымен бір мезгілде мемлекеттік мүлік тізіліміне түгендеу мен жаңарту жүргізген жөн. Түгендеу қорытындылары мемлекеттік мүлікті есепке алуды ретке келтіреді және оны басқару тиімділігін арттырады, жоспарлау сапасын жақсартады.

Мемлекеттік мүлікті басқару тиімділігін арттыру үшін қаржы жылы теріс нәтижемен аяқталған жағдайда, оны сауықтыру жөніндегі жылдық жоспарды қабылдаған жөн. Егер бұл шара олардың нәтижелерін жақсартпаса, бұл ұйымды жекешелендірудің, қайта құрылымдаудың немесе таратудың тиісті жоспарына міндетті түрде енгізуге негіз болады.

Берілген мүлікті дамыту және тиімді басқару жөніндегі талаптарды енгізу, қойылған мақсаттарға қол жеткізу мониторингі және соның негізінде сыйақы төлеу туралы шешім қабылдау бөлігінде мемлекеттік мүлікті сенімгерлік басқаруға беру тетігін қайта қарау қажет.

Қолданыстағы мемлекеттік мүліктің басқарылу тиімділігін бағалау назарды ұйымдастыру мәселелерінен олардың бәсекеге қабілеттілігіне, рентабельділігі мен қаржылық орнықтылығына ауыстыру арқылы жетілдірілетін болады.

Бәсекеге қабілеттілікті арттыру мақсатында квазимемлекеттік сектордың корпоративтік басқаруы мен ашықтығының ұлттық стандарттары қабылданады.

Директорлар кеңесінің және оның мүшелерінің стратегиялық міндеттерді орындауға жауапкершілігін күшейткен, жыл қорытындысы бойынша директорлар кеңесі қызметінің тиімділігін бағалауды енгізген жөн. Квазимемлекеттік сектор субъектілерінің басшы лауазымдарына және директорлар кеңесіне қойылатын ең төмен біліктілік талаптарын кезең-кезеңімен енгізуді көздеу қажет.

Бұған қоса квазимемлекеттік сектордың қызметіне күнделікті араласуға және ұйымның стратегиясына қайшы келетін міндеттерді күштеп таңуға жол бермейтін ЭЫДҰ-ның стандарттары бойынша квазимемлекеттік сектордың мемлекеттік органдармен өзара қарым-қатынасын құруға көшу қажет.

Квазимемлекеттік сектор субъектілерінің көп екенін ескере отырып, квазимемлекеттік сектор туралы барлық қажетті ақпараты бар, пайдаланушылар үшін ашық, қолжетімді және ыңғайлы бірыңғай ресурстың болуын қамтамасыз ету қажет.

7-міндет. Жергілікті өзін-өзі басқаруды одан әрі жетілдіру.

Азаматтардың өмір сүру сапасын жақсарту мақсатында жергілікті тұрғындармен тығыз өзара іс-қимыл жасай отырып, жергілікті жерлерде шешімдер қабылдау аса маңызды. Бұл жергілікті атқарушы органдардың қызметін айтарлықтай жақсартады, сондай-ақ мемлекеттің азаматтармен өзара іс-қимыл деңгейін арттырады.

Бұл үшін жергілікті атқарушы органдар аумақты дамыту, қоғамдық кеңістіктерді абаттандыру, жергілікті көліктік, әлеуметтік және өзге де инфрақұрылым, базалық қызметтер көрсету мәселелері бойынша, оның ішінде өзгеше реттеуді және фискалдык саясатты пайдалану мүмкіндігі бар қажетті өкілеттіктер мен құралдар кешеніне ие болады.

Жергілікті атқарушы органдардың дербестігін ұлғайту олардың халыққа есеп беруін қоғамдық бақылау және азаматтық институттар арқылы күшейтуді ұйғарады. Аудандар мен елді мекендер бюджеттерінің инфрақұрылымдық және әлеуметтік бастамаларға арналған қоғамдық маңызы бар шығыстары қоғамдық сараптама арқылы, оның ішінде онлайн-сұрау жүргізу қолданыла отырып, өтетін болады.

Елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының стратегиялық мақсаттары мен міндеттерін орталық өңірлермен бірлесіп, шамадан тыс тәптіштеусіз "жоғары деңгей" индикаторларының шектеулі тізбесін қолдана отырып айқындайтын болады. Сонымен бір мезгілде жергілікті атқарушы органдар құрылымы мен мазмұны бойынша қатаң шектеусіз өздерінің даму бағдарламаларын әзірлейді.

Орталықсыздандыру саясатын жалғастыру мақсатында облыстық, аудандық (қалалық) және ауылдық басқару деңгейлері арасында өңірлік деңгейде өкілеттіктердің, жауапкершілік пен ресурстардың дұрыс теңгерімін қамтамасыз еткен жөн.

Ауылдар, кенттер, аудандық маңызы бар қалалар және ауылдық округтер деңгейінде толыққанды жергілікті өзін-өзі басқаруды енгізу ерекше маңызға ие. Жергілікті өзін-өзі басқарудың міндетті элементтері: өкілді органды құру, елді мекендерге даму бюджеттерін беру және ауылдар, кенттер, ауылдық округтер, аудандық және облыстық маңызы бар қалалар, сондай-ақ аудандар әкімдерінің тікелей сайлауын өткізу болуға тиіс.

Мемлекеттік басқару және жергілікті өзін-өзі басқару органдары өкілеттіктерінің аражігін ажырату қажет. Жергілікті өзін-өзі басқару органдарының шаруашылық қызметіне мемлекеттік басқару органдарының араласуын болдырмаған жөн. Жергілікті жерлерде барлық бағдарламаларды іске асыру жергілікті өзін-өзі басқару органдарының бақылауымен жүзеге асырылуға тиіс.

Жергілікті өзін-өзі басқаруды одан әрі дамыту тетіктері Қазақстан Республикасында жергілікті өзін-өзі басқаруды дамытудың жеке тұжырымдамасы аясында көзделетін болады.

8-міндет. Бизнестің дамуына қолайлы жағдайлар жасау.

Реттеушілік саясатты жетілдіру - бұл құрылымдық реформалар жүргізудегі басым бағыт, өйткені бұл сала экономикалық өсудің драйвері болып табылады. Оның табысты дамуының арқасында бизнес субъектілерінің белсенділігі, тиісінше, жұмыспен қамтылу деңгейі мен еңбек өнімділігі артады.

Қолданыстағы мемлекеттік басқару жүйесі тыныс-тіршіліктің барлық саласын заңнамалық деңгейде егжей-тегжейлі реттеуге құрылған. Бұл ретте қадағалаушы органдар тарапынан шамадан тыс бақылау бизнеске әкімшілік қысым жасайды. Бизнеске міндетті талаптарды белгілейтін нормативтік құқықтық актілердегі ескірген ережелердің елеулі саны жеке назар аударуға тұрарлық.

Осыған байланысты бүгінде бизнес қана емес, тұтас қоғам да мемлекеттік реттеудің түсінікті, болжамды және жылдам процесін талап етеді.

Мемлекеттік органдардың сервистік бағдарланған тәсілін қамтамасыз ету мақсатында сенім, еркіндік пен бәсекелестікті кеңейту, реттеушілік қысымды төмендету қағидаттарына негізделген мемлекеттік реттеу тетіктерін құру, сондай-ақ бизнес үшін заңнаманың тұрақтылығын қамтамасыз ету қажет.

Осы реформаны табысты түрде іске асыру үшін одан әрі қайта реттеу және бақылау-қадағалау функцияларын қысқарту мақсатында талаптар мен стандарттарға түгендеу жүргізу талап етіледі. Реттеушілік саясатта басты назар мониторингке, профилактикалық зерттеп-қарауға, консультация беруге, сондай-ақ тәуекелдерді басқару жүйесін автоматтандыру мен цифрландыруға аударылуға тиіс.

Сонымен қатар заңнаманың процесті бақылайтын артық нормаларын алып тастау үшін мемлекеттік реттеу саласын оңтайландыратын салалық стандарттарды қабылдаған жөн. Қазақстанда "жұмсақ құқық" құралдарын қолдану заңнаманың халыққа қызмет көрсету сапасын емес, процесін бақылайтын артық нормаларының орнына салалық стандарттар қабылданатын "реттеуші гильотина" құралын енгізудің шарты болады, бұл сонымен бір мезгілде мемлекеттік реттеу саласын оңтайландырады.

"Ақылды реттеуге" көшу шеңберінде нормативтік құқықтық актілердің жобаларын сараптау және реттеушілік әсерді талдау тетіктерін жетілдірген жөн. Тиісінше, осындай тәсіл қабылданған соң сыбайлас жемқорлық үшін жағдайлар азаяды.

Бұл ретте бақылау-қадағалау органдары қызметінің тиімділігін бағалау азаматтардың сенім деңгейін өлшеу негізінде жүзеге асырылуға тиіс.

Бизнестің жүргізілуін одан әрі жеңілдету мақсатында жаңа міндеттемелерді енгізу кезінде әкімшілік шектеулерді елеулі түрде жоюды көздейтін "екеудің орнына бір" немесе "көптің орнына бір" тетігін енгізу қажет.

Мемлекеттік сатып алу аясында сатып алынатын тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді таңдаудың басым өлшемшарты олардың сапасы болуға тиіс. Бұл үшін тиісті тетіктерін әзірлеп, оларды заңнамалық тұрғыдан бекіткен жөн. Мемлекеттік сатып алуды өткізудің мерзімі мен рәсімдерін де оңтайландыру керек.

9-міндет. Мемлекеттің сервистік моделін құру үшін сот жүйесі мен әкімшілендіруді , сондай-ақ құқық қорғау жүйесін трансформациялау.

Мемлекеттік басқарудың жаңа "адамға бағдарланған" моделін құруда елдегі құқық үстемдігі мен қауіпсіздікті қамтамасыз етуге арналған сот және құқық қорғау жүйелеріне маңызды рөл беріледі.

Халық пен бизнестің осы институттарға деген жоғары сенімі әрбір азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғаудың кепілі болып қана қоймай, қолайлы инвестициялық ахуал жасау, кәсіпкерлікті дамыту және орнықты экономикалық даму үшін негіз болып табылады.

Мемлекеттік басқарудың жаңа моделінің құндылық тұғырларын ескере отырып, құқық қорғау және сот жүйелерін трансформациялау, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты жетілдіру қажет.

1. Сот жүйесі мен әкімшілендіруді трансформациялау

Қоғамның соттарға деген сенімін нығайту және тәуелсіз әрі әділ сот жүйесін одан әрі дамыту мемлекеттің басым мақсаты болып табылады.

Осы бағытта елеулі прогреске қол жеткізу үшін сот билігінің тәуелсіздігін қамтамасыз етуге бағдарланған сот әкімшілігін жүргізудің қағидаттық тұрғыдан жаңа тәсілдерінің негізін қалау қажет.

Азаматтар, бизнес, инвесторлар қазақстандық соттардың бейтарап және әділ шешім шығаратынына сенімді болуға тиіс. Толыққанды тәуелсіз сот билігі атқарушы биліктің мінез-құлқы мен қызметінің моделін оның барлық деңгейлерінде адам мен қоғамның құқықтары мен мүдделерін іске асыруды барынша сапалы қамтамасыз ету бағытында қайта құруға әкеледі.

Инвесторлар тарапынан мемлекетке және оның инвестицияларды қорғау бойынша жүргізіп жатқан жұмысына деген сенімді арттыру жұмысын жалғастырған жөн. Осы тұрғыда коммерциялық келісімшарттар бойынша шарттық талап қоюларды қарауда АХҚО сотының әлеуетін іске қосқан жөн.

Кәсіби судьялар корпусының болуы барлық сот реформаларын табысты іске асырудың шешуші факторы болып табылады. Соңғы жылдары судьялыққа кандидаттарға қойылатын талаптар арттырылып, заманауи іріктеу құралдары енгізілді. Судьялар корпусы биліктің басқа тармақтарынан тәуелсіз және олардың қатысуынсыз жаңартылып, қалыптастырылатын болады. Кандидаттарды іріктеу кезінде үміткерлердің жеке бас мінездемелеріне, әдепті өмір салтына, құқық салаларындағы терең кәсіби заңгерлік тәжірибесіне назар аударылатын болады. Судьяларды іріктеу БАҚ-та жазып-көрсетумен сүйемелденіп отырады. Дамыған елдерде судьяларға

қойылатын талаптар соншалықты жоғары, тіпті оның бұрын болған болмашы теріс қылығы лауазымға қоюдан бас тартуға себеп болуы мүмкін. Мұндай практиканы Қазақстанда да енгізу қажет.

Жоғары Сот Кеңесі мен Жоғарғы Сот жаңа кәсіби кадрларды сот төрелігін іске асыруға тарту жұмысын жандандырғаны жөн. Сот жүйесіне салық салу, жер қойнауын пайдалану, зияткерлік меншік, корпоративтік құқық саласындағы мамандар қажет. Судьялар корпусын шет тілін меңгерген, күрделі коммерциялық дауларды шешу үшін арнаулы білімі бар, өзінің кәсіби дағдыларын дамытуға ұмтылатын және үздік әлемдік практикаларды зерделеуге ашық судьялармен толықтыру қажет.

Сот процестерін оңтайландыру және дауларды шешудің жанжалсыз тетіктерін енгізу сот процесін торешілдіктен арылтуға мүмкіндік береді, ал шамадан тыс регламенттелген рәсімдер сөзбұйдалықты көбейтіп, қоғамда әділ сын туғызады. Сот ісін жүргізуді оңтайландыру, қажетсіз рәсімдер мен регламенттерді жою қажет. Жаңа цифрлық құралдарды дамыту мен енгізу қамтамасыз етілетін болады.

Сот билігі мен судьялар тәуелсіздігінің конституциялық кепілдігін қамтамасыз етудің маңызды элементі соттардың қаржылық дербестігі болып табылады, сондықтан бюджетті қалыптастырудың қолданыстағы рәсімдері қайта қаралатын болады. Қаражаттың жұмсалуды бақылауды судьялық өзін-өзі басқару институттары жүзеге асырады.

Жалпы алғанда, сот жүйесі үздіксіз жетілдіріліп, жана жағдайлар мен сын-көтерлерге бейімделетін болады. Соның нәтижесінде осы салада жүргізіліп жатқан реформалар елдегі құқық үстемдігін нығайтуға мүмкіндік беруге тиіс.

Бұл ретте сот төрелігін жүзеге асыру үшін тиісті жағдайлар жасау мемлекеттік басқару жүйесін жаңғыртуға мүмкіндік береді, өйткені соттар істерді қарау кезінде табандылық пен кәсібилік таныта отырып, құқық қорғау органдары жұмысының және тұтас мемлекеттік органдар қызметінің сапасын арттыру үшін елеулі факторға айналады.

2. Құқық қорғау жүйесін трансформациялау

Құқық қорғау органдарының алдында тұрған шешуші міндеттердің бірі азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету болып табылады.

Қоғамда қылмыскерліктен тиісінше қорғауды қамтамасыз етуге, қауіпсіз ауданда тұру мүмкіндігіне сұраныс артып отыр.

Бүгінгі күні тиісті институционалдық негіз қалыптастырылды.

Қылмыскерлікке қарсы іс-қимылдың неғұрлым тиімді тәсілі ретінде құқық бұзушылықтардың алдын алудың және азаматтармен кері байланыс орнатудың жаңа тәсілдері мен құралдарын енгізу жұмысын жалғастыру қажет.

Құқық қорғау органдары әлемдік озық практикалардың тәжірибесіне негізделген және халықтың қауіпсіздігінің тиісті деңгейі мен оның қанағаттануын қамтамасыз

ететін сервистік модельдің талаптарын ескере отырып, трансформациялануға тиіс. Бұл жұмысқа барлық мүдделі мемлекеттік құрылымдар мен жұртшылық тартылуға тиіс.

Бұл ретте құқық қорғау блогының қызметін бағалау өлшемшарттарының жаңа жүйесі жүктелген міндеттерді іске асыру сапасын объективті түрде көрсететін көрсеткіштерді және халықтың қауіпсіздік жағдайы мен қабылданатын шаралардың тиімділігін бағалауын қамтуға тиіс.

Сандық өлшемшарттардың негізі - құқықтық статистика, ал сапалық өлшемшарттардың негізі халықтың сенім деңгейін айқындау тұрғысынан кезең-кезеңімен жүргізілетін әлеуметтанушылық зерттеулердің нәтижелері болады.

Бұл статистикалық көрсеткіштердің артын қууға байланысты тәуекелдерді барынша азайтуға мүмкіндік беретін барынша теңдестірілген бағалау жүйесі.

Құқық қорғау органдарының жұмысын күшейту үшін қызметке кіру және қызмет бойынша жылжу кезінде меритократия қағидатын қамтамасыз ете отырып, құқық қорғау органдарына кадрларды кәсіби іріктеу сапасын арттыру қажет. Заманауи тәсілдер мен цифрлық технологияларды пайдалана отырып, қызметкерлердің тұрақты дамуын қамтамасыз еткен жөн.

Құқық қорғау жүйесін одан әрі дамытудың негізгі бағыттары Қазақстан Республикасының 2030 жылға дейінгі құқықтық саясат тұжырымдамасында айқындалатын болады.

3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат

Ескерту. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Президентінің 02.02.2022 № 802

Жарлығымен.

Басты назарды одан әрі сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға аудару және халықта сыбайлас жемқорлыққа қарсы сананы қалыптастыру мақсатында қоғам мүддесі бәрінен жоғары тұратын қоғамдағы парасаттылықты енгізу тәсілдерін әзірлеу ұсынылады.

Осы бағыттағы қадамдардың қатарына сыбайлас жемқорлықты түбірінен жою факторларының бірі ретінде қолма-қол ақшасыз есеп айырысуға көшуді одан әрі ынталандыру жатады.

Сонымен қатар, мемлекеттік сатып алу жүйесін жетілдіру және бизнеске әкімшілік қысымды төмендету саласында бюджеттік мекемелердің, әсіресе әлеуметтік сала мекемелерінің басшыларын мемлекеттік сатып алуды өткізуден босата отырып, мемлекеттік сатып алуды орталықтандыру қажет. Саяси қызметшілердің орталық органдарда мемлекеттік сатып алуды өткізуге араласуына жол бермейтін айқын тетіктерді әзірлеу қажет.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың шешуші бағыттары:

- 1) азаматтардың құқықтарын қорғау;
- 2) мемлекеттің азаматтық қоғам институттарымен сындарлы әріптестігін нығайту;
- 3) қоғамдық бақылауды күшейту;
- 4) бюджет саясатының транспаренттілігін арттыру;

- 5) сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатта өңірлердің рөлін күшейту;
- 6) мемлекеттік корсетілетін қызметтер саласын үдемелі цифрландыру;
- 7) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша құқық қорғау органдары функцияларының аражігін нақты ажырату;
- 8) лауазымды адамдар үшін мүдделер қақтығысы институтын жетілдіру;
- 9) мемлекеттік сатып алу жүйесін жетілдіру және бизнеске әкімшілік қысымды төмендету болуға тиіс.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы заңнаманы халықаралық стандарттарға сәйкес және елдің ұлттық мүдделерін ескере отырып жетілдіру жұмысын жалғастыру қажет.

БҰҰ-ның Сыбайлас жемқорлыққа қарсы конвенциясының нормалары және Еуропа Кеңесінің 20 басшы қағидаты (ГРЕКО), сондай-ақ ЭЫДҰ-ның ұсынымдары негізінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың тиімділігін арттыру бойынша қосымша шаралар қабылданатын болады.

Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары туралы хабарлау тетігін (whistleblowing) және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары туралы хабарлайтын адамдарды қорғаудың кешенді жүйесін (whistleblowers) қалыптастыру тетігін кеңінен енгізген жөн. Сонымен қатар парасаттылыққа тексеруді (integrity check) енгізу тетігін пысықтау қажет.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылды дамыту тетіктері Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат тұжырымдамасы шеңберінде көзделген.

6-бөлім. Тұжырымдаманы іске асыру

6.1. Іске асыру стратегиясы, басымдықтары мен мерзімдері

Ескерту. 6.1-кіші бөлімге өзгеріс енгізілді – ҚР Президентінің 02.02.2022 № 802 Жарлығымен.

Осы Тұжырымдама 2030 жылға дейін әзірленді.

Осы Тұжырымдаманың ережелері тиісті, оның ішінде мемлекеттік басқару мәселелері бойынша заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілерді, мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарын жетілдіруді көздейтін іс-қимыл жоспарын іске асыру, сондай-ақ 2030 жылға дейінгі Құқықтық саясат тұжырымдамасын, Жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту тұжырымдамасын, басқа да стратегиялық құжаттарды іске асыру арқылы іске асырылатын болады.

Іске асыру кезеңінде:

мемлекеттік басқару саласындағы заңнаманы жетілдіру;

мемлекеттік аппарат қызметінің тиімділігін арттыруды және мемлекеттік қызметшілерді кәсібилендіруді, оның ішінде мемлекеттік жоспарлау жүйесін одан әрі дамыту арқылы қамтамасыз ету;

бизнеске әкімшілік қысымды төмендету мақсатында реттеушілік саясатты дамыту жөнінде шаралар қабылдау;

сот және құқық қорғау жүйесін трансформациялау;
мемлекеттің сервистік моделін қалыптастыру мен енгізуді жалғастыру жоспарланады.

6.2. Тұжырымдаманы іске асырудан күтілетін нәтижелер

Ескерту. 6.2-кіші бөлімге өзгеріс енгізілді – ҚР Президентінің 02.02.2022 № 802 Жарлығымен.

2030 жылға қарай күтілетін негізгі нәтижелер - ЭЫДҰ елдерінің:

Дүниежүзілік Банктің Мемлекеттік басқару тиімділігінің индексі бойынша – 80 процентильден төмен емес;

World Justice Project Құқық үстемдігінің индексі бойынша - 0.60 баллдан төмен емес ;

Transparency International Сыбайлас жемқорлықты қабылдау индексі бойынша - 55 баллдан төмен емес;

Дүниежүзілік экономикалық форумның Жаһандық бәсекеге қабілеттілік индексінің "Сот жүйесінің тәуелсіздігі" индикаторы бойынша - 50 орыннан төмен емес;

Дүниежүзілік экономикалық форумның Жаһандық бәсекеге қабілеттілік индексінің "Полиция қызметтерінің сенімділігі" индикаторы бойынша - 60 орыннан төмен емес;

тәуелсіз сұрау жүргізумен өлшенетін халықтың мемлекеттік қызметтер көрсету сапасына қанағаттану деңгейін арттыру;

тәуелсіз сұрау жүргізумен өлшенетін азаматтардың орталық мемлекеттік органдардың жүргізетін саясатына қанағаттану деңгейін және халықтың мемлекеттік басқару институттарына (орталық мемлекеттік органдарға, жергілікті билік органдарына, сот және құқық қорғау органдарына) деген сенім деңгейін нығайту бойынша орташа деңгейіне қол жеткізуден көрінетін, мемлекеттік басқарудың тиімділігін, мемлекеттік аппараттың ашықтығы мен есеп берушілігін, мемлекеттік қызметшілердің кәсібилігін арттыру.

6.3. Тұжырымдаманы іске асыруда қолданылатын құқықтық актілердің тізбесі

1. "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" 1995 жылғы 28 қыркүйектегі Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы.

2. "Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы" 2000 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы.

3. 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі.

4. 2015 жылғы 29 қазандағы Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексі.

5. 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі.

6. 2017 жылғы 25 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексі (Салық кодексі).

7. 2020 жылғы 29 маусымдағы Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі.

8. 2020 жылғы 7 шілдедегі "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының Кодексі.

9. "Әкімшілік рәсімдер туралы" 2000 жылғы 27 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы.

10. "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңы.

11. "Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы.

12. "Құқық қорғау қызметі туралы" 2011 жылғы 6 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңы.

13. "Мемлекеттік мүлік туралы" 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңы.

14. "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы.

15. "Ақпаратқа қол жеткізу туралы" 2015 жылғы 16 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы.

16. "Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы" 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы.

17. "Мемлекеттік сатып алу туралы" 2015 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы.

18. Өзге де нормативтік құқықтық актілер және мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттары.